

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі
Маңғыстау облыстық білім басқармасы
Маңғыстау облыстық тамыз маслихаты

Тақырыбы:

**ТАРИХ, ҚОҒАМТАНУ, ДІНТАНУ,
ҚҰҚЫҚ, ӨЛКЕТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ
ПӘНІШІЛІК ЖӘНЕ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР**

Буркитова Акгуль Табылановна

Тарих пәні мұғалімі

Қарақия ауданы “№4 орта мектебі” мемлекеттік мекемесі

21 тамыз
2015 жыл



«Тәрбиенің түпкі мақсаты - қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарда жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы, іскер, өмірге икемделген, жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастырып тәрбиелеу»

ҚР президенті Н.Ә.Назарбаев

Қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқытудың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық маңызы бұрынғыдан да арта түсуде. Оларға «Білім туралы Заң», «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасы» сияқты мемлекеттік құжаттарда да айрықша көңіл бөлінген.

Зерттеудің мақсаты:

Оқыту барысында пәнішілік, пәнаралық байланыстардың тиімділігін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

Оқыту барысында пәнішілік, пәнаралық байланыстар арқылы оқытудың ғылыми-әдістемелік, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерді талдау, мазмұнын, мәнін ашу.

Зерттеу объектісі:

5-11 сыныптарда тарих, қоғамтану, дінтану, құқық, өлкетану пәндерін оқытудағы пәнішілік және пәнаралық байланысты қалыптастыру.

Зерттеу пәндері:

Қазақстан тарихы, Дүние жүзі тарихы,
Адам.Қоғам.Құқық. Дінтану.

Зерттеу әдістері:

Теориялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен, жаңашыл педагогтардың тәжірибелері және баспасөзде жарық көрген ғылыми еңбектерді жинақтау, сұрыптау, талдау, қолдану, өзіндік жұмыстарының түрлерін ұсынып, нәтижесін көрсету, т.б.

Маңыздылығы: оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады, тарихи білімді ұзақ есте сақтауға көмектеседі, оқушы бойында шығармашылықты қалыптастырады, мұғалімнің әдістемелік тәжірибесін кеңейтуге, тереңдетуге, жинақтауға көмектеседі.



- **Болжам**

- Оқушылардың тарихи білімдерді толық меңгеруіне және ғылыми зерттеу жұмыстарына жағдай жасалады.
- Оқушылардың шығармашылық қабілеті шындалады.

- **Күтілетін нәтиже**

- Оқушылардың өздігінен білім алу қызығушылықтарын дамытады;
- Зерттеушілік машығын қалыптастырады;
- Еліміздің болашақ әлеуетінің қалыптасуына жол ашады.

Танымдық тапсырмаларды қоюға алатын негізгі талаптар:

- Тарихты оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне сай болуы
- Сол дәуірдің негізгі, барынша толық білдірі мен оқиғаларын қамтуы
- Мазмұны мен көлеміне қатысты; тарихи құбылыс, оқиға туралы оқушыларды тереңдететіндей танымдық тапсырмалар мазмұнында қойылатын талаптар: объективтілік, нақтылық болуы; оқушыларға белгілі бір сезімдік бағыт жасауы
- Бағдарламалық материалмен тығыз байланыста болып, тарихи білімнің өзектілігін арттыруға ықпал жасауы

Пәнішілік және
пәнаралық
байланыстарға
қойылатын
талаптар:

Жеткен нәтиже

Оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, түрлі дерек көздерінен қажетті ақпаратты іздестіру арқылы өзіндік жұмыспен айналысуына мүмкіндік беру

- Пән бойынша сапа көрсеткіш

- Тарихи білімдерді толық меңгеруі

- Ғылыми зерттеу жұмыспен шұғылдануы

Оқушылардың қазақ және басқа да халықтардың мәдени мұраларына қызығушылығын қалыптастыру;

Оқушыларды оқытылатын кезеңдегі ғылым мен мәдениеттің көрнекті өкілдері мен саяси жетекшілердің қызметіне, тарихи оқиғаларға салыстырмалы талдау жасауға дағдыландыру

Оқушылардың тарихи фактілер мен құбылыстарды талдап-қорыту, тарихи оқиғалардың мақсаты мен мәнін анықтай білу, оның маңызын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру;

Пәндер бойынша тарихи , құқықтық терминологияларды меңгерту

Оқушыларға аталған пәндер бойынша толыққанды, жүйелі білім беру

*Сабақ беру – «үйреншікті жай
ғана шеберлік емес, ол үшін
жаңадан жаңаны табатын өнер»*

Ж. Аймауытов

*Назарларыңызға
рахмет!*

